



ЕЛІМІЗ бен
ЖЕРІМІЗДІ ҚОРҒАУ –
ПЕРЗЕНТТІК
ПАРЫЗЫМЫЗ

2-бет



«АЛАШ КҮНІН»
РЕСМИ БЕЛГІЛЕУ
ҰСЫНЫЛДЫ

4-бет



АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ
ЖАЛҒАСЫНДАЙ
ЖАРҚЫН ТҰЛҒА ЕДІ...

15-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№51-52 (1026-1027) 26.12.2022 жыл



ЖЫЛ

АДАМДАРЫ – 2022

«Қазақ үні» газеті мен Qazaquni.kz ұлттық порталының 2022 жылғы «Жыл адамдары» анықталды. Еліміздің еңселі болуы үшін еңбектеніп жүрген ел азаматтарының жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарларын атап өту мақсатында дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан осынау жоба аясында оқырмандар қалаған тұлғасына қолдау көрсетті.

8-9
бет

ЗАҢСЫЗ КӨТЕРІЛГЕН ТАРИФТЕР ШЫҒЫНЫ ӨТЕЛСІН



Өкінішке орай, осы жылдар бойы олигархтар мен теміржол мафиясының заңсыздық, адал бизнесті рейдерлік басып алу және құлдыққа айналдыру туралы бизнес сигналдарына мемлекеттік органдардың берген жауаптары – Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы мен экономиканы монополиясыздандыру жөніндегі комиссия құрылғанына қарамастан, шенеуніктердің кәсіпкерлердің мәселелеріне немқұрайлы қарайтынын көрсетеді деп айтуға мәжбүрміз. Комиссияның бүгінде бизнес үшін жасаған жалғыз ісі – тарифтердің төмендеуіне қол жеткізу. Бұл өнімнің өзіндік құнына тікелей әсер ететін орасан зор көмек.

5
бет

АТАУЛАР мен МЕРЕКЕЛІК КҮНДЕР ХАЛЫҚПЕН КЕҢЕСІП БЕКІТІЛСЕ

Жыл сайын елімізде Тәуелсіздік күні аталып өтеді. Бұл еліміздің ең басты мерекесі. Тәуелсіздік атты киелі ұғымда қазақ халқының сан ғасырлар бойғы арманы, азаттыққа ұмтылған күресі мен тар жол тайғақ кешкен тарихы жатыр. Қайсар мінезінен қайтпаған батыр бабаларымыз атқа қонып елімізді, жерімізді қорғамаса, азаттығымыз үшін күреспесе бүгінгі күні егеменді ел болар ма едік?

3
бет



ЖҮРЕК ОТАСЫНАН ЖҮРЕККЕ ТҮЙГЕНДЕРІМ

6
бет

НЕУТЕШИТЕЛЬНЫЙ ПРОГНОЗ НА 2023 ГОД: НОВЫЙ ВИТОК ВОЙНЫ В УКРАИНЕ, ТАЛИБАН...

Бывший госсекретарь США Генри Киссинджер призывает к переговорам в своей статье «Как избежать новой мировой войны» в британском еженедельнике Spectator. Он предлагает вынести вопрос принадлежности Крыма и, возможно, Донбасса на референдум. Генри Киссинджер заявил о поворотной точке в конфликте на Украине, которой нужно воспользоваться, чтобы достичь урегулирования путем переговоров и избежать эскалации, чреватой глобальной катастрофой.



10
бет

ЕЛІМІЗ бен ЖЕРІМІЗДІ ҚОРҒАУ – ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗЫМЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласына жұмыс сапарымен келіп, қаңтар оқиғасының құрбандарына арналған «Тағзым» мемориалының ашылу рәсіміне қатысты.



Президент стеллаға гүл шоғын қойған соң қаңтар оқиғасында қаза тапқан азаматтарды еске алу үшін бір минут үнсіздік жарияланды. Мемлекет басшысы жиналғандар алдында сөйлеген сөзінде бүгінгі шараның еліміз үшін айрықша мәні бар екенін атап өтіп, қасіретті қаңтардан бері бір жылға жуық уақыт өткенін, бұл тәуелсіздік кезеңіндегі ең күрделі оқиғаның бірі болғанын айтты. «Сол күндері халқымызға зор қауіп төнді. Мемлекеттігіміздің тұғыры шайқала жаздады. Тіпті, «ел болып қаламыз ба, жоқ па» деген сұрақ туды. Бірақ біз мызғымас бірлігіміздің арқасында қатердің бетін кайтардық» - деді Қ. Тоқаев.

Алматы қаласы қатты зардап шекті, күштік құрылымдарға шабуыл жасалып, қару-жарақ қоймаларын тоналды. Соның

болса да, еліміз реформа жолымен ілгері дами беретінін жеткізді.

«Тағзым» мемориалы қаңтар оқиғасының эпицентрі Республика алаңында салынды. Республика алаңы халқымыз үшін киелі орын саналады. Мемориал тағзым ететін және еске алатын, сондай-ақ халқымыздың даналығын, батылдығы мен күш-қуатын көрсететін орынға айналады. Жобаның авторлары – қазақстандық жас сәулетшілер Алексей Ивченко және Ғайни Сағидуллаева.

БІРҚАТАР САЙТТАР БҰҒАТТАЛАДЫ

Қазақстанда қолайсыз контентті қамтитын және бұғаттауға ұсынылатын сайттардың «қара каталогы» құрылды. Бұл туралы ҚР Ақпарат және қоғамдық қатынастар министрі Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Баймұлинов айтты.

«Қазіргі балалардың біраз уақытты интернетте өткізіп, кеңістіктен ақпарат алуы қалыптасқан жағдай. Оның пайдасымен қатар зиянды жақтарын да ескерген жөн. Әлеуметтік зерттеулерге сәйкес, ата-аналардың 71,8%-ы балаларды

тәрбиелеу процесінде олардың гаджетке, әлеуметтік желіге, интернетке тәуелділігі өзекті мәселе деп санайды. Осы ескеріліп, гранттық қаржыландыру арқылы «Жастар мен балалар арасында интернетке тәуелділік пен құмар ойындардың алдын алу» әлеуметтік жобасы іске асты. Жобаның мақсаты – жастарды интернет-кеңістіктегі қауіпсіздік ережелерін үйрету, интернет пен құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу үшін жағдай жасау», - деді спикер Орталық коммуникациялар қызметіндегі өткен брифингте.

Жоба аясында интернетке

тәуелділік, құмар ойындар және кибербуллинг деңгейі жоғары аймақтарды анықтау үшін өңірлерде үйлестірушілер тағайындалды. Ақпараттық курстар мен жобаларды іске асыру, жастарды интернет-кеңістікте қауіпсіз жүріс-тұрыс қағидаларына оқыту, кибербуллингтің, интернет-тәуелділіктің және құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру материалдарын әзірлеу мақсатында бейне нұсқаулықтар әзірленді және ұйымның әлеуметтік желілеріндегі парақшаларда жарияланатын болады.

ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫН ТЕРГЕУ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бұрынғы төрағасы Кәрім Мәсімов пен бұрынғы қорғаныс министрі Мұрат Бектанов ісі сотқа жіберілді. Бұл туралы ҚР Бас прокурорының бірінші орынбасары Тимур Тәжімбаев айтты.

«Қаңтар оқиғасын тергеу аяқталып жатыр. Бүгінде 1 249 тұлға сотталды. Негізінен олар ұрлық жасап, қару тонаған, тәртіпсіздіктерге қатысқан. Нақты мерзімге 160 тұлға сотталды. Қалғандары біршама жеңіл жазаға келтірілді. Мәсімов және ҰҚК-нің өзге де басшыларына қатысты іс сотқа жіберілді. Оларға билікті басып алуға тырысу, мемлекетке опасыздық жасау және билікті асыра пайдалану айыбы тағылған. Сонымен қатар билікті асыра пайдаланды деп айыпталған бұрынғы Қорғаныс министрі Бектанов ісі де сотта жатыр», - деді ол Бас прокуратураның биылғы жұмысын қорытындылауға арналған баспасөз мәслихатында.

Оның дерегіне, Алматы қаласы, Алматы және Қызылорда облыстық ұлттық қауіпсіздік және полиция департаменттерінің бұрынғы басшыларына қатысты тергеу аяқталған. «Зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша Алматы мен Талдықорған қалаларында ҰҚК мен ПІМ-нің 29 қызметкеріне қатысты қылмыстық іс аяқталды. Оның ішінде 17 іс сотқа жіберілді», - деді Тимур Тәжімбаев.



ҚЫЗЫЛ ҚАНҒА БОЯЛҒАН ҚЫЗЫЛ ТУ ҚҰЛАҒАН КҮН!

1991 жылғы 25 желтоқсан – қаншама халықтың, қанша миллион қазақтың қызыл қанымен боялған қызыл империя – Кеңес Одағының Қызыл туының құлаған күні!

Өз ұлтын сүйіп, халқының мүддесі үшін күрескен миллиондарды «Халық жауына» айналдырып, атып-асқан, 4 миллиондай қазаққа геноцид жасаған, миллиондардың сүйегінің үстіне орнаған империя 69 жылдан соң елестірілді!

Орта Азияда Қазақ Республикасымен бірге 5 түрік мемлекеті құрылып, Тәуелсіздік туларын көтерді!

«КСРО-ны қайта орнатамын дегендердің мың жоқ» - деген Нобель сыйлығының лауреаты, ғұлама ғалым Андрей Сахаровтың сөзінің расталып келе жатқанын бір-екі жыл бұрын Ресей Президенті



мен саясаткерлеріне қарсы жауап ретінде бастаған «ТАҒЫ ШАЙ-ШАЙҚАЛА БАСТАЙДЫ!» - деген мақаламызда қолдап, қуаттап едік...

Оған осы тарихқа еніп бара жатқан 2022 жыл – Барыс жылы барынша көзіміз жетті!

Алашқа Алла жар болсын!

Тұран мемлекеттерінің Туларын көкке өрлей берсін!

Қазыбек ИСА



ҮЗДІК АУЫЛ ӘКІМДЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жезықбаев «Үздік ауыл әкімі» республикалық байқауының жеңімпаздарымен кездесті.

«Үздік ауыл әкімі» республикалық конкурсы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен өткізілді. Конкурстың мақсаты – үздік ауыл әкімдерін анықтау және насихаттау. Кездесу барысында агенттік төрағасы үздік ауыл әкімдерін өз қызметінде халықтың сұранысына сай ашық, адал әрі әділ болу маңыздылығына тоқталып, аталған байқаудың ауылдарды дамытуға және де осы бағыттағы жұмыстарды жандандыруға оң септігін тигізетіндігіне сенім білдірді.

Конкурс қорытындысы бойынша Түркістан облысы Шардара ау-

даны Жаушықұм ауылдық округінің әкімі Нұрбақыт Нұрсейтов «Үздік ауыл әкімі» атағын иеленді. Екінші орынды Павлодар облысы Успен ауданы Новопокровск ауылдық округінің әкімі Вячеслав Симоненко, үшінші орынға Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Айшуақ ауылдық округінің әкімі Оралбек Әбжанов ие болды.

Сондай-ақ Шығыс-Қазақстан облысы Ұлан ауданы Аблакет ауылдық округінің әкімі Арыслан Ағланбеков – «Үздік шаруашылық әкімі», Қарағанды облысы Нұра ауданы Баршын ауылдық округінің әкімі Зауре Муханалиева – «Ашық әкім», Солтүстік-Қазақстан облысы Аққайың ауданы Шағалалы ауылдық округінің әкімі Гульмира Добромирова – «Үздік әлеуметтік жоба» номинацияларының иегерлері атанды.

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ ЖЕМҚОРЛЫҚ

Біздегі құрылыс саласы жемқорлықтың алаңына айналғаны белгілі. Әсіресе жол құрылысында бұл қылмыс қарқын алған. Еліміздің автожол құрылысы саласында тағы да 43,4 млрд. тенге қаражаттың ұрланғаны анықталды.

«Бүгінде 43,4 млрд. тенгенің ұрланғаны туралы фактілерді анықтадық. Қылмыстық істер бойынша тиісті тергеу жұмыстары жүргізіліп жатыр», - деді ҚР Бас прокуратурасы Қоғамдық мүдделерін қорғау қызметінің бастығы Сапарбек Нұрпейісов ведомствоның биылғы жұмысын қорытындылауға арналған баспасөз мәслихатында БАҚ өкілдерінің сауалына орай.



Оның атап өтуінше, жалпы автожол саласына қатысты 28 қылмыстық іс сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіліміне тіркелген. «Олардың бәрі де бақылауда тұр. Процесс енді ғана басталды. Бірақ қорытынды жасауға әлі ертерек», - деді ол.



СУДЬЯ БЕС ЖЫЛҒА СОТТАЛДЫ

Талдықорған қалалық сотының үкімімен алаяқтық жасағаны үшін Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Түменбаева 5 жылға бас бостандығынан айырылды.

Жетісу облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, ол қызметтік бабын пайдалана отырып, алаяқтық жолмен пара алған. Оған мемлекеттік қызмет атқаруға өмір бойына тыйым салынды.

«А.К. Түменбаева адвокат А.Д. Тазабеков және Ж.Т. Жанпейісовтың «Good Zhat» ЖШС басшысы А.Э. Пактан азаматтық іс бойынша оң шешім шығару үшін 1,5 млн. тенге алған. Сол үкіммен А.Э. Пак пара беруге оқталғаны үшін мемлекеттік қызметте және коммерциялық ұйымдарда қызмет атқару құқығынан өмір бойына және 4 жылға бас бостандығынан айрылды», - делінген департаменттің баспасөз хабарламасында.

Ведомствоның ақпаратына сәйкес, сот адвокат А. Тазабеков пен азамат Ж. Жанпейісовті парақорлыққа делдалдық жасағаны үшін кінәлі деп таныды. Бірақ, оларға қатысты іс ҚР 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 81-VII ҚР Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау актісі негізінде тоқтатылды.

«АЛАШ КҮНІН» РЕСМИ БЕЛГІЛЕУ ҰСЫНЫЛДЫ

Алаш Республикасының құрылған күні 12-желтоқсанды – «Алаш күні» деп ресми белгілеп, жыл сайын мемлекеттік деңгейде атап өту керек. Мәжілістің жалпы отырысында Берік Дүйсембинов «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалын жариялады.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ Ә.А.СМАЙЫЛОВҚА

Міне, өткен аптада ғана еліміздің Тәуелсіздік күні алғаш рет жана форматта, даңғаза той түрінде емес, тәуелсіздік үшін жандарын қиған қаһарман жастарымыздың рухтарына дұға жасап, еске алу түрінде атап өтілді. Бұл бәлкі «Ақжол» партиясы дұрыс деп санайды.

Сонымен қатар, Тәуелсіздік күні 86-ның желтоқсанында алаңға шыққан қайсар жастармен бірге тәуелсіздік үшін күрескен, осы ұлы міндетке қызмет еткен батырларымызды да еске алғанымыз жөн деп есептейді.

Қазақ хандығы 1847 жылы мемлекет ретінде тарих сахнасынан кеткеннен кейін араға тура 70 жыл салып, 1917 жылдың желтоқсанында сол Қазақ хандығының жер аумағында Алаш ұлт-азаттық қозғалысы заманауи Қазақ ұлттық мемлекетінің іргетасын қайта көтеріп, осы жылдың 5-12 желтоқсанында Орынбор қаласында өткен Екінші жалпыұлттық қазақ-қырғыз құрылтайында Алаш орда ұлттық кеңесін жасақтап, үш баламалы үміткердің ішінен (Айдархан Тұрлыбайұлы, Бақытгерей Құлманұлы) көпшілік дауыспен Алаш Республикасы үкіметінің төрағасы болып Әлихан Бөкейханов сайланды. Бұл туралы Әлімхан Ермеков «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы 22 қаңтардағы санында: «...Алты алаштың баласының басында орда тігіліп, Алаш туы көтерілді...» деп жазған болатын.

Іс жүзінде хандық үлгідегі ыдырап кеткен Қазақ мемлекеттілігін қайта жаңғыртуда, яғни, бүгінгі тәуелсіздіктің негізін қалауда жиырмамыншы ғасырдың басында заманауи Қазақ мемлекетін

құруға ұмтылыс жасап, білім мен қажыр-қайратын салып, осы жолда шахид болған Ұлт көсемдерінің, Алаш Республикасы арыстарының ролін ерекше атап өтуіміз керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылы Астана қаласында Алаш қайраткерлеріне арналған ескерткіштің ашылуында: «Алаш» сөзі – халқымыз үшін қашанда қасиетті ұғым. Өткен ғасырдың басында ұлтымыздың бас көтерер азаматтары Алаш идеясының төңірегіне бірікті. Олар елінің азаттығы мен өркендеуі жолында қызмет етті. Халықтың рухын оятып, санасына сілкініс әкелді. Жеріміздің тұтастығының сақталуына ықпал етті. Төл әдебиетіміз бен мәдениетімізді бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерді. Өркениетті зиялылықтың негізін қалады. Алаш арыстары заманның сын-қатеріне



қарамай, Қазақ елінің мемлекетшілдік идеясын жаңғыртты» деген болатын.

Құрметті әріптестер!

Биыл Алаш Республикасының құрылғанына 105 жыл толды. Естеріңізге сала кетейін, 29 маусымда «Ақ жол» фракциясы бұл датаны мемлекеттік деңгейде атап өтуді талап еткен депутаттық сау-

ал жолдаған болатын. Алайда, Үкімет бұл мәселені өкілетті министрліктерге тапсырғаны туралы жүре жауап берді. Сонымен, өкінішке орай, бұл тарихи дата тағы да атаусыз қалды. Бұл мерейлі күнді тек алаштанушылар мен біздің «Ақ жол» партиясы ғана түрлі іс-шара өткізіп, атап өтті. Бүгінде тарихи әділдікті орнататын күн жетті деп санаймыз.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Тарих тағылымын ұрпаққа насихаттау мақсатында «Ақ жол» фракциясы Алаштанушы ғалымдардың бастамасын қолдай отырып, Тәуелсіздік күнінің қарсаңындағы 12 желтоқсанды – тарихи құжаттармен дәлелденген Алаш Республикасының құрылған күні ретінде – «Алаш күні» деп ресми белгілеуді және жыл сайын мемлекеттік деңгейде атап өтуді сұрайды.

Құрметпен,
«Ақ жол» фракциясының
депутаттары

«Ақ жол» демократиялық
партиясының баспасөз қызметі



БІЗ ӨЗ АДАМДАРЫМЫЗ ҮШІН ЖАУАПТЫМЫЗ

Азат Перуашевтың 2022 жылғы 14 желтоқсандағы Мәжілістің жалпы отырысында жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң жобасын талқылаудағы сөзі



Құрметті әріптестер! Мен бұл мәселенің алғышартын естеріңізге салғым келеді. Алғаш рет «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» арнайы Заң әзірлеуді «Ақ жол» фракциясы 2013 жылы ұсынған болатын. Содан бері бұл талапты біз жыл сайын қайталап келеміз, ал өткен жылы Президент нақты әрі анық міндет қойып, осы заң жобасын қабылдауды тапсырғанға дейін Үкімет түрлі сылтаулармен бас тартып жүрді. Тіпті екі рет заң жобаларын әзірлеп ұсындық, бірақ Үкімет оларға да тосқауыл қойды.

Біздің талаптарымыздың негізгі мазмұны объективті себептермен несиесін өтей алмай жүрген азаматтарға нақты

әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу болып табылады. Өкінішке орай, біздің еліміз адамдар жұмысынан, күнкөріс көздерінен жиі айырылып, несиелерін өтей алмайтын жағдайға тап болған бірқатар экономикалық дағдарыстарды бастан өткерді. Сонда біздің банктер не істеді? Олар адамдарды отбасыларымен бірге көшеге қуып шығып, тақыр кедейлерге айналдырды.

XXI ғасырда, өркениетті мемлекетте балалы, отбасылы адамдардың бомжға айналуларына жол бермеуіміз керек. Бұл біздің азаматтар. Оларға мемлекет ретінде біз жауаптымыз. Біздің заң жобаларымыз дәл осыған назар аударады.

Біз қарастырып жатқан бұл заң жобасы «Ақ жол» партиясының ұтысуымен әзірленді. Оның үстіне өз жобамызды осы құжатпен біріктіріп, көптеген мәселелерді қамтыдық. Бірақ, меніңше, бүгінгі талқылауда біз процедуралық сәттерге ауып кетіп жатқан секілдіміз. Сотқа дейінгі, соттан тыс банкроттықтың бәрі екінші орында. Ең бастысы, азаматтарымызды бұдан кейін де тұл кедейлерге айналдыра береміз бе? Бұған ешбір жағдайда жол бермеу керек деп есептейміз және біздің талабымыз өзгермейді.

Біз не туралы айтып отырмыз? Бұл тек ипотекалық несиелерге қатысты деу дұрыс емес. Президент жаппай кәсіпкерлікті дамыту міндетін қойып отыр. Кәсіпкерлікпен айналысқандарды еске сала кетейін – алғашқы бизнесімізді қалай бастадық? Пәтер, үйімізді кепілге қойдық. Ал енді азаматтардың жалғыз баспанаға деген құқығын қорғамасақ, онда ипотекалық несиелер алушылардан ғана емес, әлеуетті кәсіпкерлерден де айырыламыз. Бұрын Азаматтық кодексте жеке тұрғын үйді тартып алуға тыйым салатын норма болған. Дәл осы норманы алып тастаумен (банк лоббиінің қысымымен) осындай мәселе туындады. Сондықтан біз оның осы заң жобасы аясында қаралуын талап етеміз.

Өткен жылы қылмыскердің жалғыз үйін тартып алуға келгендер біз адамды – сот орындарына бары мен полицияларды атып тастаған резонансты еске сала кетейін. Тағы бір оқиғада әйел осы төзгіссіз несие салдарынан балаларын көпқабатты үйден лақтырып жіберген. Адамдарды қашқанға дейін осындай хәлге кеткенге береміз? Осы дауға нүкте қояйық. Оның үстіне нарықтық шешімдер біртіндеп табылуда. Өткен жылы біздің фракция «Банктер және банк қызметі туралы» Заңның аясында өте маңызды бір норманы енгізе алды: несиенің 90 пайызын өтеу жағдайында ипотекалық міндеттемелерді қайта қарау мүмкіндігі бар. Аталмыш тәсілді бұл жағдайда да қолданайық, бірақ неғұрлым жеңіл шарттармен: егер адам несие бойынша несиенің кем дегенде жартысын жапқан жағдайда (мұнда кепілзат жалғыз баспана болып табылады), оны жалғыз баспана сабынан айырайық. Қарыз алушыға кепілді басқа мүлікке, ал егер кепілге қойылған пәтерді қайтарып алу қажет болса, ең болмағанда басқа әлеуметтік тұрғын үйге ауыстыруға рұқсат беру қажет. Иә, бұл банктерге ауыртпалық түсіреді, бірақ біздің банктер ҚҚС-тан босатылған, мемлекет тарапынан үлкен қолдауға ие. Олардың бұл мәселені шешуге мүмкіндігі бар деп ойлай-

мыз. Өйткені, бұл қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықтың бағамы.

Екінші мәселе туралы әріптесіміз Ерлік Өмірғали айтып өтті. Адамдарды бұл жағдайға қалай жеткізеді? Себебі неде? Бұл несиелер бойынша жоғарылатылған, ақылға қонымысыз пайыздық мөлшерлемелер. Ұлттық банк, қайда қарап жүрсіңдер? Ай сайын базалық мөлшерлемені көтересіздер. Оны қашанғы көтере беруге болады? Сіздер халықты, кәсіпкерлерді қандай хәлге дұшар етіп жатқандарыңызды түсінбейсіздер ме?

Мен бұл заң жобасын кешенді түрде – жалғыз тұрғын үйді қорғаумен де, сондай-ақ Ұлттық банк пен ЕДБ осындай несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерге қатысты барабар саясатымен де қоса қарауды ұсынамын. Тек коммерциялық банктер үшін жұмыс істеп болған шығармыздар. Мемлекетті, қоғамымызды ойлайық.

Біз бұл заң жобасын қолдаймыз, өйткені онда біз ұсынған көптеген концептуалды жайттар ескерілді, бірақ аталған мәселелер әлі де сақталуда, сондықтан оларды екінші оқылым аясында пысықтауды ұсынамыз. Рақмет.

«Ақ жол» демократиялық
партиясының баспасөз қызметі



ЗАҢСЫЗ КӨТЕРІЛГЕН ТАРИФТЕР ШЫҒЫНЫ ӨТЕЛСІН

Мәжілістің жалпы отырысында «Ақ жол» кәсіпкерлерге көлік сервис орталығының 12 есеге заңсыз көтерген тарифтерін өтеуді талап етті. Фракцияның депутаттық сауалын Азат Перуашев жариялады.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНЕ ҚР БАС ПРОКУРОРЫНА

2017 жылдан бері «Ақ жол» демократиялық партиясының фракциясы темір жол саласындағы жеке кәсіпорындардың құқықтарын «КСО» АҚ және осыған ұқсас құрылымдар тектес олигополиялардан қорғау мақсатында бірқатар депутаттық сауалдар жолдады.

Өкінішке орай, осы жылдар бойы олигархтар мен темір жол мафиясының заңсыздық, адал бизнесті рейдерлік басып алу және құлдыққа айналдыру туралы бизнес сигналдарына мемлекеттік органдардың берген жауаптары – Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы мен экономиканы монополиясыздандыру жөніндегі комиссия құрылғанына қарамастан, шенеуніктердің кәсіпкерлердің мәселелеріне немқұрайлы қарайтынын көрсетеді деп айтуға мәжбүрміз.

Комиссияның бүгінде бизнес үшін жасаған жағымсыз ісі – тарифтердің төмендеуіне қол жеткізу. Бұл өнімнің өзіндік құнына тікелей әсер ететін орасан зор көмек. Бірақ сонымен бірге жеке меншік құқығы бұзылған күйінде қалып отыр, монополиялар жойылған жоқ (яғни, тарифтердің қымбаттау қаупі және бизнесті бопсалау қаупі сақталуда), темір жол рельстері әлі де сол темір жолдармен жұмыс істейтіндерге берілмей отыр.

Иә, «КСО» АҚ иесі өзгерді, бір монополистің жүздеген жолы екінші монополистке берілді.

Бірақ сонымен бірге бизнестен заңсыз тәркіленген темір жол рельстері туралы үкіметтегілердің ешқайсысы жұмған аузын ашқан жоқ.

Биылғы жылдың 7 қазанындағы сауалымызға Үкіметтің 28 қарашадағы жауабын келтірейін: «Бүгінгі таңда басқа заңды тұлғаларға (КТЖ-дан басқа – А.П.) тиесілі кірме жолдар – «КСО» АҚ – А.П.) тіркеу және пайдалану фактілері анықталмады» бекітілмеген.

«Ақ жол» фракциясы бес жыл бойы өз өтініштерінде «КСО» АҚ кірме жолдарын рейдерлік қолмен тартып алған келесі компанияларды көрсетіп келеді. Бұл «Тоғызқастық өнімдері зауыты» АҚ (Қостанай облысы), «Павлодарская Нива» ЖШС (Павлодар),

«Smart-EX» ЖШС (Қарағанды), ЖК Гаязов және т.б. Мемлекеттік органдардың жады нашар және қажетсіз мәліметтер базасы үлкен болса, біз олардың өтініштерін қайтадан жолдаймыз.

Бірақ бұл тек бізге жүгінген компаниялар ғана, көбісі қайда жүгінетінін де білмейді, өйткені бұған дейін олар барлық сот инстанцияларынан сәтсіз өткен. Сонымен қатар, олардың мүлкін тәркілеуге қарсылық білдіру әрекеттерінің жоқтығы тоналған кәсіпорындар үшін көп жағдайда өте үлкен мемлекеттік баж салығымен байланысты.

Кәсіпкерлерде темір жол инфрақұрылымы бойынша экономиканы монополиясыздандыру комиссиясы неге тек мемлекет мүддесін қорғаумен айналысты деген сұрақтар туындайды.

Осылайша, Үкіметтің жауабында «КСО» АҚ қызметі мемлекетке залал келтіргені, ал одан алынған 28 миллиард соманды салық төлеуге және мемлекетке тиесілі КСО мен ҚТЖ жолдарын ұстауға жұмсалатыны айтылған. Бүгін Қаржы министрлігі саладағы тағы 26 кәсіпорынның мемлекет меншігіне өткенін хабарлады. Әрине жақсы.

Өйткені, бұдан бұрын да «КСО» АҚ жеке кәсіпкерлер үшін тарифтерді 12 есеге негізсіз ұлғайтқаны анықталып және бұл тарифтерді осы көлемде төмендету талап етілген. Алайда, неге екені белгісіз, «КСО» АҚ кәсіпкерлерден 5 жылдан астам уақыт бойы заңсыз өндіріп алған тарифтің 95 пайызын монополистен ешкім өндіріп алғысы келмейтіні қызық?

Экономика министрлігі Монополияларды реттеу комитетінің 2016 жылғы 24 маусымдағы КСО тарифін 153 есеге дейін 2250 теңгеге, яғни, 15 теңгеден көтеруді заңдастырған бұйрығы да құқықтық тұрғыдан бағаланбай қалды?

Кәсіпкерлердің айтуынша, дәл осы бұйрыққа сілтеме жасай отырып, соттар мен тергеушілер әлі күнге дейін зардап шеккен кәсіпорындарды КСО ісі бойынша жәбірленуші мәртебесінен алып тастауда, нәтижесінде бұл кәсіпорындардың жүздеген миллион заңсыз артық төленген

тарифтерді қайтаруды талап етуге мүмкіндігінен айырылуда.

Бірақ, заң бойынша монополист тұтынушыларға заңсыз тарифтерді өтеуге міндетті. Прокуратураның мәліметінше, КСО тарифтерінен зардап шеккен 4000-нан астам кәсіпкерлік субъектілері бар. Мемлекеттік органдар кәсіпкерлер құқықтарына, кәсіпорындардың сақталуына немқұрайлы қарағаны ма? Бұл президенттің тікелей тапсырмасын орындамаушылық!

Еске сала кетейік, Конституцияның 6-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында мемлекеттік және жеке меншік тең дәрежеде танылады және қорғалады.

Осыған байланысты «Ақ жол» демократиялық партиясының фракциясы жеке кәсіпкерліктің конституциялық құқықтарын елемей отырған темір жол инфрақұрылымы саласындағы монополиясыздандыру жөніндегі комиссияның жұмысын қанағаттанарлықсыз деп атап, келесі талаптарды қояды:

ЗАҢСЫЗ ТӘРКІЛЕНГЕН ТЕМІР ЖОЛДАР ИЕЛЕРІНЕ ҚАЙТАРЫЛУҒА ТИІСТІ

2016 жылғы 24 маусымнан бастап кәсіпкерлерге тарифтің заңсыз ұсталған бөлігін өтеуге қатысты «КСО» АҚ-ға жаңа сот талаптарын қозғау мәселесін қарау;

КСО-дан басқа, темір жол саласындағы заңсыз қызмет және басқа да ұқсас монополистер нарығын зерттеу, қызметін асыра пайдалану туралы хабарламалар «Ақ жол» демократиялық партиясына әлі де келіп түсуде (қажет болған жағдайда біз осындай ақпаратты жеткізетін боламыз);

Жаңа монополистер мен «делдалдарсыз» осы салаларда жұмыс істейтін өндірістік кәсіпорындардың өз меншігіне темір жол бағыттарын тікелей сату механизмін әзірлеу.

Жалпы, монополиясыздандыру жөніндегі комиссиясы тек мемлекеттің ғана емес, кәсіпкерлердің де мүдделерін қорғауы керек, себебі, рейдерлердің және монополиялардың бопсалауының құрбанына ең алдымен солар айналады.

Құрметпен,
«Ақ жол» Демократиялық партиясы фракциясының депутаттары

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ-СЕРВИС NS» АҚ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУ КЕРЕК

«Ақ жол» Щучинск қаласында гольф алаңын салуға «ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ шығындарының заңдылығын анықтауды талап етті. Фракциясының депутаттық сауалын Ғани Хамзин жариялады.

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР А. А. СМАЙЫЛОВҚА

ЖОҒАРЫ АУДИТОРЛЫҚ ПАЛАТАНЫҢ ТӨРАҒАСЫ
Н. Н. ГОДУНОВАҒА

Табатын табыстан гөрі ойланбай жұмсалған қаражат жанұяда болсын, қоманияда болсын, мемлекетте болсын кері әсерін тигізеді. Бұл туралы «Ақ жол» ҚДП фракциясы көптеген жылдар бойы айтып келеді. Дегенмен, ұлттық компаниялар әлі де өз шыңдығында өмір сүреді. Осылайша, Түркиядағы қажетсіз 2 сәнді қонақ үйге, Щучинск қаласындағы гольф алаңына және басқа да нысандар мен сәнді дүниелерге ондаған миллиард теңге жұмсалды.

QAZAQGAS қазіргі уақытта Щучинск қаласында «ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ еншілес ұйымы арқылы керемет гольф-клубқа ие. QAZAQGAS жеке ұлттық компанияға айналғанға дейін



«ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ «ҚазМұнайГаз» АҚ құрамында болды. Гольф-клуб 2017 жылы 16,4 млрд. теңгеге салынған, бірақ келесі жылы бейінді емес актив ретінде сатылымға шығарылды.

ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 «Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» қаулысына 5-қосымшаға сәйкес «ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ 2022 жылдың соңына дейін жеке меншік иелеріне сатылуы тиіс болатын. Гольф клуб 6 рет сауда-саттыққа шығарылды, ал 2019 жылы олар

4,1 миллиард теңгеге сатуға тырысты, бірақ бұл бағаға да сатып алушылар таппады. Міне, мерзімдер келіп тұрғанда, жетінші рет бағасын 18 млрд. теңгеге қойды, бұл ретте сауда-саттық ағылшын әдісі бойынша, яғни өсу әдісімен өтеді. Бейінді емес актив 2022 жылдың соңына дейін сату жазылған, аққа қара түспен жазылған қаулыны диверсиялау болмай немене?

«Қазатомөнеркәсіп» АҚ күн батареяларын өндіру бойынша KazPV жобасын жекешелендіру қажет болғанда, сауда-саттық голланд әдісі бойынша жүргізілді және оған 88 млрд. теңге инвестицияланған активтер 1,5 млрд. теңгеден аз қаражатқа сатылды. Бұл активтер біреуге қажет болған кезде, оларды төмендету сауда-саттығы арқылы сатуға болады, ал қыс кем дегенде 6 айға созылатын жерде гольф клубы болған кезде, бағасын көтеру үшін сауда-саттықты өткізу қажет.

Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлауынша, 2021 жылы Ұлттық компания гольф клубын аяқтаған. Оған ол 2,066 млрд. теңге жұмсаған. Нәтижесінде «Клуб хаус», «VIP-вилла» және «Жатақхана» секілді іске қосу кешендері пайда болды. Компания жекешелендіру жоспарына кіргеннен кейін және оны 4,1 млрд. теңгеге сата алмаған соң, халықтың 2 млрд. теңгеге ақшасын инвестиялау, бұның арасында екені анық! Оның үстіне, республикалық бюджет тапшылығы мен сырттан алынған қарыздың көлемі өсіп келе жатыр. «ҚазМұнайГаз-NS сервисі» құрылымы аяқтауға ақшаны қайдан алды? 2020 жылы компанияның шығыны 511 млн. теңге құрап, келесі жылы көрсеткіш 1,066 млрд. теңгеге жетті. Гольф-клубқа іргелес нысандарды салуға ақша тартылды, дегенмен қаражатты шынымен қажетті инфрақұрылымдық жобаларға, мысалы, еліміздің қалаларындағы жылу желілерін жаңғыртуға жұмсауға болар еді. Бұл нысанның тарихы ұлттық компаниялардың өз шығындарын, әсіресе бейінді емес активтерге немқұрайлы қарайтындығын көрсетеді. Түркиядағы гольф клубы, яхталар, қонақ үйлер сияқты нысандар тезірек жекешелендірілуі керек. Мұндай мерзімдерді кейінге қалдыру бюджетте ауыр жүктеме болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты «Ақ жол» депутаттық фракциясы келесі талап етеді:

Квазимемлекеттік сектордың барлық бейінді емес активтеріне кешенді аудит жүргізу.

«ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ-ның гольф-клубқа іргелес объектілерді салу бойынша транзакцияларын жұмсалған қаражаттың заңдылығы мен негізділігіне тексеру.

Құрметпен,
«Ақ жол» фракциясының депутаттары

«Ақ жол» демократиялық партиясының баспасөз қызметі

«ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІ мен «QAZAQUNI.KZ» ҰЛТТЫҚ ПОРТАЛЫНЫҢ Жыл адамы

ЖЫЛ ЖАЗУШЫСЫ – ДУЛАТ ИСАБЕКОВ

Өмірден өнер жасаған белгілі жазушы Дулат Исабековтің 80 жылдық мерейтойы еліміздің түкпір-түкпірінде өте жоғары деңгейде аталып өтілуде.



Жазушының қаламынан туған «Мазасыз күндер», «Тіршілік», «Сүйекші», «Гауһартас» сынды повестері, «Қарғын» романы және басқа да шығармалары оқырманның жоғары бағасын алған. Мемлекеттік сыйлық иегері қарымды каламгер таяуда ғана Еңбек Ері атанды.

ЖЫЛ ҚАЙРАТКЕРІ – МҰХТАР ШАХАНОВ



Қазақ тілінің шынайы азат тілге айналуы жолында тер төккен Мұхтар Шаханов өз заманының заңғар тұлғасы. Қазақстанның Халық жазушысы және Қырғызстанның Халық ақыны Мұхтар Шахановтың 80 жылдығы елімізде және әлемнің бірқатар елдерінде өте жоғары деңгейде аталып өтілді. Биылғы жылы ана тіліне деген шынайы жанашырлығы үшін Мұхтар Шахановқа Ел Президенті ең жоғарғы марапат – Еңбек Ері атағын табыстады.

ЖЫЛ ДРАМАТУРГІ – ТАЛҒАТ ТЕМЕНОВ

Өнертану профессоры, Қазақстанның Халық әртісі Талғат Теменовтің қазақ өнеріне қосып келе жатқан үлесі өлшеусіз. Биыл ол «Үздік драматургия» номинациясы бойынша «Мың мен жалғыз...» пьесасы үшін «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығының жеңімпазы атанды.



ЖЫЛ КИНОДРАМАТУРГТЕРІ – СМАҒҰЛ ЕЛУБАЙ мен ЖҮСІПБЕК ҚОРҒАСБЕК

Биыл мерейлі 75 жасқа толған белгілі жазушы, драматург Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романының желісімен фильм түсірілді. Өткен ғасырдағы қазақ даласында болған аштық арқау еткен картина көрерменнің ыстық ықыласына ие болды. Сондай-ақ, аталмыш туынды ел Президентінің де жоғары бағасын алды.

Сол сияқты, жазушы, журналист, кинодраматург Жүсіпбек Қорғасбектің «Мұқағали» фильмі Шотландияда өткен халықаралық кинофестивальде бес бірдей жүлдені жеңіп алды. Осылайша еңбегі әлем елдерінде жоғары бағаланған Жүсіпбек Қорғасбек «Үздік кинодраматург» халықаралық жүлдесінің иегері атанды.



«Қазақ үні» газеті мен Qazaquni.kz ұлттық порталының 2022 жылғы «Жыл адамдары» анықталды. Еліміздің еңселі болуы үшін еңбектеніп жүрген ел азаматтарының жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарларын атап өту мақсатында дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан осынау жоба аясында оқырмандар қалаған тұлғасына қолдау көрсетті. Дауыс беру телефон сауалы, смс, электронды пошта хабарлары және әлеуметтік желі арқылы өткізілді. Барлық дауысты есепке ала отырып, арнайы құрылған Сарапшылар шешім шығарды. Ендеше «Жыл адамы – 2022» байқауының жеңімпаздарымен таныс болыңыздар!

ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАСЫ –

Қаңтар оқиғасы. Елімізде жылдар бойы шешілмеген әлеуметтік-экономикалық мәселелерден қажыған жұрт өздерінің үнін билікке жеткізу үшін бейбіт шеруге шыққан болатын. Осы мезетте қасақана әрекет еткен қарақшылар тобы елдегі тұрақтылықтың тамырына балта шапқысы келді.

ЖЫЛ ДАТАСЫ –

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығы. 25-қазан Республика күні! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шешімімен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесі қайтарылды. Сондықтан қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күні еліміздің басты мерекесі ретінде аталып өтілетін болды.

ЖЫЛ ЖЕТІСТІГІ –

Конституциялық реформа. Референдум аясында жоспарланған 33 өзгерістің 31-і бұрынғы баптарға енгізілсе, қалған екеуі жаңа баптар болды. Біріншіден Конституциялық сот пайда болып, ол Ата заңда бекітілді, ал екіншісі – Адам құқықтары бойынша өкіл, яғни омбудсмен конституциялық негіздегі статусы бекітілді. Бірінші бап, екінші тармақта жер, жер қоймалары, жер астындағы байлықтар, су, өсімдік, бүкіл биоресурстар тікелей Қазақстан халқының меншігінде деп нақты жарияланды. Бұл өте үлкен өзгеріс.

ЖЫЛ АҚЫНДАРЫ – ҒАЛЫМ ЖАЙЛЫБАЙ мен БАТЫРХАН СӘРСЕНХАН



Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Ғалым Жайлыбайдың биылғы жылы әлем халықтарының 16 тіліне аударылған нұсқалары топтастырылған «Қара орман» поэма-реквиемі жарық көрді. Туындының тұсаукесері Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде ұйымдастырылған «Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне» арналған «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» конференциясы аясында өтті. Тың туындыларымен әлемді тандай қақтырған ақынның еңбегі ел алдында еленіп, Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанды.

Сондай-ақ, Батырхан Сәрсенхан жас та болса талантымен танылып жүрген ақын. Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты Батырхан Халықаралық «Бейбітшілік әлемі» байқауының жеңімпазы. Оның жүрекжарды туындылары жырсүйер қауымның ыстық ықыласына бөленген. Биыл ол «Үздік поэзия» номинациясы бойынша «Жұмбақ арал» поэмасы үшін «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығының жеңімпазы атанды.



ЖЫЛ САЯСАТКЕРІ – АЗАТ ПЕРУАШЕВ



«Ақ жолдың» талайдан айтып келе жатқан демократиялық құнды ұсыныстарының бірінші рет мойындап, көбін Конституцияға енгізді! Бұл – демократиялық партия үшін саяси жетістік!

«Ақжол» партиясы Азат Перуашевтың жетекшілігімен ел Конституциясына түзетулер енгізу жөнінде референдум өткеннен кейін реформаларды жеделдету үшін Сайлау туралы, Саяси партиялар туралы, Парламент туралы, Үкімет туралы, Бюджет кодексін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге белсене кірісіп, қолданыстағы заңдарды реформалау бойынша 58 ұсынысты тиісті мемлекеттік органдарға жолдады. Сонымен қатар «Ақ жол» партиясы Алаш республикасының 105 жылдығына орай бірқатар ірі республикалық, халықаралық шаралар өткізіп, 12-желтоқсанды Алаш күні деп ресми түрде белгілеп, мемлекеттік деңгейде атап өтуді ұсынған жалғыз саяси институт. Жалпы, «Ақ жол» 2012 жылы Мәжілісте фракциясы құрылғаннан бастап Алаш теңірігіне жүйелі түрде көтеріп келеді.

«ӘЛЕМНІҢ ЖЫЛ САЯСАТКЕРІ – ВОЛОДИМИР ЗЕЛЕНСЬКИЙ



2022 жылы 21 желтоқсанда АҚШ Президенті Джо Байденмен кездесіп шыққан Украина Президенті Володимир Олександрович Зеленскийді Конгресс пен Сенат депутаттары аяғынан тік тұрып тындады десек те болады. Өйткені, қанша рет орындарынан тік тұрып кол шапалақтағанын санау мүмкін емес, кейде бір минуттың ішінде екі реттен тұрып құрмет көрсеткен кездері де көп болды.

Ресей басқыншылық соғысты бастаған, Украинаның әр қарыс жерін жаужүректікпен қорғаған осы он айда бұрын комедия актері болған Украина президенті «сайқымазақтан» сайыпқыранға, тойбасшыдан колбасшыға айналды.

«УКРАИНА ӨЗІ ҮШІН ҒАНА ЕМЕС, РЕСЕЙ БАСЫП АЛҒЫСЫ ЕМЕТІН БАСҚА ЕЛДЕР ҮШІН ДЕ СОҒЫСЫП ЖАТЫР!» – деді Зеленский Конгрессте.

Сондықтан да АҚШ пен Батыстың ең күшті басылымдары Украина Президентін «Жыл адамы» деп таныды.

Ендеше, Қазақтың үнін білдіретін «Қазақ үні» де бірауыздан Украина Президенті Володимир Зеленскийді «Әлемнің Жыл саясаткері» деп тандады.

ЖЫЛ СЕНАТОРЫ – МҰХТАР ҚҰЛ-МҰХАММЕД

Ресейлік депутат Вячеслав Никоновтың Қазақстанның территориялық тұтастығы туралы айтқан сөздеріне Сенаттағы Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті төрағасы Мұхтар Құл-Мұхаммед қазақ халқының тарихы тым теренде жатқанын, оның ішінде ата-бабаларымыздың ежелден Солтүстік Қазақстанды қоныс еткеніне деректер келтіре отырып бұл саяси жауапсыздық екенін, екі ел арасындағы қарым-қатынасқа кесірін тигізетінін, айыптаулар мен арандатушылық мәлімдемелерге жол беруге болмайтынын ескертіп ресейлік депутатқа дер кезінде жауап қайтарған-ды. Сол сияқты РФ Мемлекеттік думасы ТМД істері, еуразиялық интеграция және отандастармен байланыс жөніндегі комитет төрағасының бірінші орынбасары, депу-



тат Константин Затулиннің Қазақстан мен Ресей арасындағы әріптестік қарым-қатынас туралы даулы мәлімдемесіне де М.Кұл-Мұхаммед: «Айтпақшы, жазда бұл депутат «бізде де Украинадағыдай жағдай болуы мүмкін» екенін айтып, шүйліккен. Украинаның жағдайы қандай болғанын жұмылдыру шараларынан көріп отырмыз. Сондықтан ол тілі мен ойына ие болып, тыныш отыра алмайтын басын тәртіпке келтіріп алсын», — деп тойтарыс берді.

Мұхтар Құл-Мұхаммед халықаралық саясаттағы салмақты тұжырымдары мен ұлттық мүддемізді қорғаған ұстанымдары үшін ұлттың үні «Қазақ үні» газеті мен сайтының «Жыл сенаторы» деп танылды.

**ЖЫЛ ДЕПУТАТЫ –
БЕРІК ДҮЙСЕНБИНОВ**



VII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі. ҚР Парламентіндегі өз пікірін ашық және өткір айтатын ең белсенді депутаттардың бірі. Қаңтар көтерілісі кезінде әкімдер мен министрлер үйінен шығуға батылы жетпей жатқанда, Берік Сәлімжанұлы өз басын қатерге тігіп көпшіліктің ортасына барған батыр депутат. Б.Дүйсенбинов халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына қатысты, әсіресе, Алаш мәселесіне байланысты Үкіметке көптеген сауалдар жолдап оның шешілуіне ықпал етті. Соның қатарында Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияға бірнеше ұсыныс, 12 желтоқсанды Қазақстанда «Алаш күні» деп ресми белгілеп, мемлекеттік деңгейде атап өту және тағы да көптеген маңызды ұсыныстары бар.

**ЖЫЛ ӘКІМДЕРІ –
МҰРАТ ӘЙТЕНОВ және
АСХАТ ШАХАРОВ**



Таяуда ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Алтын сапа» сыйлығының аясында «Бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасаған үздік өңір» санаты бойынша арнайы сыйлықты Шымкент қаласының әкімдігіне тапсырған болатын. Соңғы үш жылда қала бюджетінің 4 есе көбейгенін ескерсек, аймақтың әл-ауқатының арта түскенін аңғару қиын емес.

Асхат Шахаров — Ақтөбе қаласының әкімі. Ел басына күн туған қаралы қаңтар кезінде алаңға шыққан халықтың жанынан табылып, оларды толғандырған мәселелерге құлақ асып тыңдаған өңір басшыларының бірі. Ақтөбе қаласының дамуына атсалысқан іскер басшы.

**ЖЫЛ МИНИСТРІ –
АЖАР ҒИНАЯТ**



Елімізде COVID-19-ға қарсы вакцинацияны кезең-кезеңімен қарқынды түрде жүзеге асыруға сәлде басығысы ретінде бар күш-жігерін жұмсады. Бұл тұрғыдағы атқарылған ауқымды істер коронавирусқа қарсы күресте өз нәтижесін беріп, аталмыш аурумен ауыратындардың саны азайып, өлім-жітім жағдайының тіркелуі де сиреді. Сондай-ақ, денсаулық сақтау саласындағы қарқынды дамудың арқасында көптеген күрделі оталардың басым бөлігін өз елімізде жасауға жол ашылды.

**ЖЫЛ СУРЕТШІСІ –
ЕРБОЛАТ ТӨЛЕПБАЙ**



Белгілі кылқалам шебері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ерболат Төлөпбай тек қазаққа ғана емес, әлем жұртшылығына танымал суретші.

Биылғы жылдың өзінде Швейцария, Франция, Катар сынды әлемнің маңдайалды елдерінде жеке көрмесін өткізген оның қаламынан туған туындылары әлем халқының жоғары бағасын алды.

**ЖЫЛ РЕЖИССЕРІ –
МҰРАТ ЕСЖАН**



«Болашақ» бағдарламасы бойынша АҚШ-тағы San-Francisco Film Academy бітірген қазақстандық кинематографистердің бірі. Бұған дейін Мұрат Есжанның «I'm going to Paris» дебюти Америка сценаристер гильдиясында жоғары баға ие болған-ды. Былтырғы жылы Мұрат Есжанның есімі «Ахмет. Ұлт ұстазы» сериалының режиссері ретінде танылса, биыл оның «Міржақып. Оян, қазақ!» сериалы көрерменнің көзайымына айналып үлгерді.

**ЖЫЛ АКТЕРІ –
БАҚЫТ ҚАЖЫБАЕВ**



«Міржақып. Оян, қазақ!» сериалының басты ролін шебер сомдаған актер.

Сериал барысында актер қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері Міржақып Дулатұлының шынайы бейнесін көрерменнің көз алдына келтіре алды.



**ЖЫЛ ӘНШІЛЕРІ –
«ДОС-МҰҚАСАН» АНСАМБЛІНІҢ
МҮШЕЛЕРІ**

Аты аңызға айналған ансамбльдің құрылғанына биыл — 55 жыл. Осынау атаулы датаға орай «Дос-Мұқасан» фильмі көрерменге жол тартты. «Дос-Мұқасан» ансамблінің мүшелері — Досым Сүлеев, Мұрат Құсайынов, Камит Санбаев, Александр Литвинов есімдерінің (Досым, Мұрат, Камит, Саня) алғашқы буындарынан құралған. Ансамбльдің аталған алғашқы құрамына кейіннен М.Молдабеков, Қ.Әжібаева, Ш.Омаров, Б.Жұмаділов, Н.Құсайынов, А.Мейірбековтер қосылды. «Дос-Мұқасанның» репертуарындағы «Назқоңыр», «Ахау бикем», «Он алты қыз», «Сұлу қыз», «Ауылың сенің іргелі» әндері халықтың сүйікті әндеріне айналды. Кеңес заманында жастардың рухын оятқан өнер ұжымы болды.

**ЖЫЛ РЕКТОРЫ –
ЛАУРА ҚАРАБАСОВА**



Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің ректоры 34 жастағы Лаура Қарабасова Қазақстандағы ең жас ректор. Бұған дейін Назарбаев Университетінде менеджер қызметінен кафедра меңгерушісіне

дейін көтерілген ол бүгінде еліміздің ең үздік ғалымдарының қатарында. Л.Қарабасова білім беруді трансформациялау мәселелері бойынша әлем ғалымдарымен бірлесіп жазылған кітаптардың авторы болып табылады. Сонымен қатар, ол «Білім және ғылым» бағыты бойынша Ұлттық ғылыми кеңестің мүшесі.

**ЖЫЛ ҰСТАЗЫ –
ШЫҢҒЫС НҰРҒАЗЫ**



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебі факультетінің «Экономика» кафедрасының аға оқытушысы Шыңғыс Нұрғазы 2022 жылы еліміздегі үздік жас ұстаздардың бірі атанды. Философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесіндегі білікті маман Жапониядағы Цукуба университетінің, Испаниядағы Гранада университеттерінің стипендиаты. Сондай-ақ, ол Германияда, Италияда және Литвада ғылыми тағылымдамадан өткен.

**ЖЫЛ ДӘРІГЕРІ –
ӘЛІБЕК ТОЙБАЕВ**



Президенттің іс басқармасы жанындағы Медициналық орталық ауруханасы кардиохирургия бөлімінің менгерушісі қызметін мінсіз атқарып жүрген Әлібек Тойбаев еліміздің денсаулық сақтау саласының дамуына зор үлес қосып келе жатқан кәсіби маман. Жоғары дәрежелі дәрігер-кардиохирург Берлинде және «Болашақ» бағдарламасы бойынша Литвада тағылымдамадан өтіп, өзінің біліктілігін шыңдаған. Сондай-ақ, ол Еуропалық кардиохирургтар қоғамының белсенді мүшесі. Бүгінде Президентің іс басқармасы жанындағы Медициналық орталық ауруханасында жүрекке түрлі күрделі оталарды жасап, қаншама жүректің дамылсыз соғуына себепші болып жүрген алтын қолды азамат.

**ЖЫЛ ҒАЛЫМЫ –
МҰХИТ-АРДАГЕР СЫДЫҚНАЗАРОВ**



Саясаттану ғылымдарының докторы, танымал ғалым, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Заманауи зерттеулер институтының директоры Мұхит-Ардагер Сыдықназаровтың еңбегі ерек. Ол Қазақстан халқына, қазақ және шетел ғылыми қоғамдастығына баға жетпес ғылыми жаңалығын жариялады. Қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде Брюссельде «Қазақстанның тарих толқынындағы үздіксіз мемлекеттілігі. XVI-XIX ғасырлардағы еуропалық және Американдық карталардағы Қазақ мемлекеті» атты ортағасырлық географиялық Атлас карталарының тұңғыш жинағы жарық көрді. Бұл жинаққа мүлдем белгісіз болып келген, ежелгі еуропалық және американдық карталардағы XVI-XIX ғасырлардағы Қазақ мемлекеті, сондай-ақ Қазақстан мемлекеттілігінің үздіксіздігі мен байырғылығын дәлелдейтін іргелі және қолданбалы зерттеулердің жана тарихи жазба дереккөздері енгізілген.

**ЖЫЛ МЕЦЕНАТЫ –
АЙНҰР ЖҰМАШ**



Талайдан бері ұлттық өнер мен мәдениет, әдебиет бағытындағы іс-шараларға демеушілік жасап, көпшіліктің алғысына бөленген

белгілі меценат. «IMT intelligent micro technologies», «AI production» компанияларының құрылтайшысы ретінде 2020 жылы республикалық Жыл меценаты, «Қайырымдылық керуені конкурстарының жеңімпазы атанған. «Намыс» ордені, сондай-ақ «Ерен еңбегі үшін», «Құрмет белгісі» төсбелгілерінің иегері. Сондай-ақ, ол билік ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «Ai production» продюсерлік компаниясы мен «Қазақ үні» газеті мен ақпарат агенттігінің редакциясы бірлесіп өткізген «Алаштың азаттық рухы» атты халықаралық жыр мүшәйрасының демеушісі.

**ЖЫЛ СПОРТШЫСЫ –
ӘБИБА ӘБУЖАҚЫНОВА**



Дзюдодан 2022 жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды. Ташкент қаласында өткен жарыста 48 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Франция, Бразилия және Чили спортшыларынан басым түсті. Дарынды спортшы 2020 жылы ҚР чемпионатының қола жүлдегері, ал 2021 жылы ел чемпионы атағын иеленген-ді. Сонымен қатар, ол Еуропа кубогының күміс жүлдегері, Азия чемпионатының екі мәрте күміс жүлдегері, Азия кубогының иегері.

**ЖЫЛ БАТЫРЫ –
БЕРІК ӘБШЕВ**



Қаңтар қасіретінде оқ пен оттың ортасынан еліміздің көк туын алып шыққан қоғам белсендісі. Беріктің көк туды ұстап түскен фотосы әлеуметтік желілерде кенінен тарап, қаңтар оқиғасының символына айналды.

**ЖЫЛ ДИАСПОРА ҮЗДІГІ –
ДИНАРА НҰРӘЛИЕВА**



Ұлты дүнген Динара Нұрәлиева Тараз қаласындағы №34 орта мектептің директоры. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге арналған түрлі байқаулардың жүлдегері. «Қазақ үні» ұлттық порталында «Конституциядан 7-баптың 2-тармағын алып тастап, мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды талап еткен Ашық хатқа алғашқылардың бірі болып қол қойған қазақ тілінің шынайы жанашыры.



НЕУТЕШИТЕЛЬНЫЙ ПРОГНОЗ НОВЫЙ ВИТОК ВОЙНЫ В УКРАИНЕ,

Бывший госсекретарь США Генри Киссинджер призывает к переговорам в своей статье «Как избежать новой мировой войны» в британском еженедельнике Spectator. Он предлагает вынести вопрос принадлежности Крыма и, возможно, Донбасса на референдум. Генри Киссинджер заявил о поворотной точке в конфликте на Украине, которой нужно воспользоваться, чтобы достичь урегулирования путем переговоров и избежать эскалации, чреватой глобальной катастрофой.



НЕУТЕШИТЕЛЬНЫЙ ПРОГНОЗ НА 2023 ГОД

Геополитическая, экономическая, политическая ситуация за последние годы кардинально изменилась, что требует адекватного отношения к этим изменениям. Идет реформирование прежней системы международных отношений, и человечество должно сделать правильный выбор, ориентируясь на решения ООН.

Мировые силы не заинтересованы в быстром окончании войны — им нужно ослабление и России, и Украины, а как закончится война — в таком контексте маловажно. Потому что проиграет обе страны. Поэтому война еще продлится больше года. Однако опасность длительной войны — как бы она не переросла в мировую, о чем и предупреждает Киссинджер.

К сожалению, все к этому идет. Китай и Иран увеличивают поддержку России — значит, США и НАТО будут накачивать и Украину действительно мощным вооружением. «Мясорубка» с обеих сторон станет на порядок масштабнее. Иными словами, худший вариант, если противостояние между США и Китаем перейдет на территорию Украины.

И после выступления президента Владимира Зеленского 21 декабря в Конгрессе США одобрили новый пакет военной помощи Украине на \$1,85 млрд, включающий поставку зенитно-ракетных комплексов Patriot.

Кроме этого сенат США 22 декабря одобрил законопроект о федеральном бюджете 2023 года на рекордные 1,7 трлн долларов. Из них около 45 млрд долларов предусмотрены для военной и экономической помощи Украине и союзников Вашингтона.

До этих событий президент Владимир Путин встретился в Минске с президентом Александром Лукашенко, а зампред Совбеза РФ Дмитрий Медведев 21 декабря прибыл в Пекин, где встретился с предсе-

